

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
08.06.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 08.06.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Әріптестер, екінші және үшінші мәселелер біздің депутаттардың бастамасымен әзірленген және олар бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан қалыптасқан тәртіп бойынша бір баяндама жасап, ортақ сұрақ қойып, жеке-жеке шешім қабылдау жөнінде ұсыныс бар. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобалары жөнінде (бірінші оқылым). Аталған заң жобалары бойынша ортақ баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Симонов Сергей Анатольевичке беріледі. Пожалуйста, Сергей Анатольевич.

СИМОНОВ С.А. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! На ваше рассмотрение выносятся инициированные депутатами Парламента проекты законов Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» и «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма».

Законопроекты разработаны в целях улучшения законодательства и национальной системы о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма.

В текущем году Казахстану предстоит прохождение второго раунда взаимной оценки Евразийской группой по противодействию легализации преступных доходов и финансированию терроризма. Выездное мероприятие ЕАГ было отложено из-за январских событий в стране с весны на осень этого года.

Как известно, осенью 2021 года нами был инициирован законопроект в целях имплементации в национальное законодательство основных рекомендаций, вытекающих из международных стандартов FATF.

Можно сказать, что в рамках рассматриваемых законопроектов данная работа продолжается и предлагается в основном следующее:

установление обязанности юридических лиц раскрывать и вести учет своих бенефициарных собственников;

распространение законодательства о ПОД/ФТ на трасты или другие корпоративные образования, созданные в соответствии с законодательством иностранного государства;

замораживание средств и иных активов, находящихся под прямым или косвенным контролем субъектов, включенных в перечень организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, а также в перечень организаций и лиц, связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения;

определение условий в законе о ПОД/ФТ, в соответствии с которыми субъекты финансового мониторинга, входящие в одну группу, будут вправе полагаться на результаты и документы надлежащей проверки клиентов, а также обмениваться информацией между собой;

усиление уголовной ответственности за легализацию преступных средств и установление уголовного наказания в виде конфискации имущества за ряд уголовных правонарушений, определенных рекомендациями FATF;

установление административной ответственности юридических лиц за отмывание средств, полученных преступным путем;

наделение должностных лиц органов финансового мониторинга полномочием составлять протоколы соответствующих административных правонарушений, а суды – рассматривать дела об административных правонарушениях и принимать по ним решения;

наделение государственных органов компетенциями по разработке методических рекомендаций для подконтрольных субъектов финансового мониторинга, проведению анализа и мониторинга их деятельности на предмет выявления рисков легализации (отмывания) преступных доходов и финансирования терроризма, а также обобщению практики, разработке и внесению предложений по совершенствованию законодательства о ПОД/ФТ;

В целом принятие и реализация законопроектов будут способствовать повышению безопасности национальной финансовой системы и не повлекут отрицательных социально-экономических и правовых последствий.

Уважаемые коллеги, прошу поддержать. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлы.

ЕЛЕУОВ Ғ.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Сергей Анатольевич! В рамках данного законопроекта предлагается установить административную ответственность юридических лиц за совершение операций с деньгами или иным имуществом, повлекших легализацию преступных доходов (это новая статья 214-1).

Сегодня согласно статье 218 Уголовного кодекса физическое лицо привлекается к ответственности за отмывание доходов. То есть коллегами теперь предлагается привлекать к ответственности и физическое лицо, которое совершило деяние, как работник юридического лица, и само юридическое лицо, через которое легализовали преступные доходы.

Скажите, пожалуйста, чем обуславливается необходимость привлечения юридических лиц к такой ответственности? Спасибо.

СИМОНОВ С.А. Спасибо за вопрос, Ғалымжан Алмасбекович.

Предлагаемая мера направлена на недопущение использования или привлечения юридических лиц как инструмента в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем.

По рекомендациям FATF не только физические лица должны привлекаться к уголовной ответственности, но и юридические лица. Согласно нашему действующему законодательству юридические лица не могут быть привлечены к уголовной ответственности. Поэтому по данной норме предлагается привлекать юридических лиц именно только к административной ответственности.

Данное ужесточение ответственности за участие в легализации (отмывании) доходов, полученных преступным путем, должно повлиять на снижение количества желающих участвовать в отмывочной системе.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Депутат Рамазанова Ләззат Керімқұлқызы.

РАМАЗАНОВА Л.К. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым әріптесімнің сұрағымен ұштасып келеді.

Сұрақтарым Қаржылық мониторинг агенттігінің өкіліне арналады.

Бірінші сұрақ. Заң жобасында қылмыстық жолмен анықталған қаражаттарды заңдастыру барысында заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Іс жүзінде дәл осы норма қалай іске асады?

Екінші сұрақ. Көзделген санкциялар тікелей кәсіпкерлік субъектілерге байланысты немесе коммерциялық емес ұйымдарға. Ал квазимемлекеттік сектор бойынша, өкінішке орай, көп сұрақтар туындауда. Бұл секторды сүттен ақ, судан таза деп айта алмаймыз ғой. Сіздің жауабыңыз қандай болады?

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Депутатами предложено ввести административную ответственность юридических лиц. Как мы будем администрировать? Основанием для привлечения к административной ответственности является приговор суда в отношении

физического лица, которым уже доказано, что это физическое лицо отмывало денежные средства с помощью юридического лица. Только в этом случае мы будем привлекать к административной ответственности юридическое лицо.

Что касается квазигосударственного сектора, это тоже юридические лица, они также подлежат административной ответственности наравне с другими юридическими лицами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлы.

ҚҰЛШАР М.И. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы мониторингі агенттігінің өкіліне арналады.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 18-бабы жаңа тармақшалармен толықтырылады. Оларға сәйкес мемлекеттік органдарға қаржы мониторингі субъектілері үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан бақылаудағы сектордың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

Айтыңызшы, бүгінгі күні мұндай жұмысты мемлекеттік органдар дербес жүргізбей ме? Неліктен мұндай толықтыру енгізу қажеттілігі бүгін туындап отыр? Рақмет.

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Так называемая секторальная оценка рисков проводилась и раньше, только раньше она проводилась по нашим запросам и на основании совместных приказов, причем это не было регламентировано законодательством. Для чего это необходимо? Это нужно для того, чтобы агентство совместно с государственными органами могло проводить национальную оценку рисков по всей стране. Если каждый контролирующий орган в своем секторе будет проводить оценку, то это будет намного эффективнее и на системной основе. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлы.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым Қаржы мониторингі агенттігінің өкіліне арналады.

Заң жобасында Қылмыстық кодекстің конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы және басқа да құқық бұзушылықтар сияқты бірқатар құрамдары үшін мүлікті тәркілеу көзделіп отыр. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші. Қылмыс жасаған адамдардың заңды мүлкінің де тәркілену қаупі бар ма? Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының осы бөліктегі талабы халықаралық практикада қалай іске асырылды?

Екінші. Бүгінгі таңда қылмыстық мүлікті тәркілеу жағдайы қандай? Ұсынылып отырған түзетуді қабылдау қорытындысы бойынша бізді не күтеді?

Мүмкін болса, мысалдармен түсіндіріп кетсеңіз. Рақмет.

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Сұрағыңызға рақмет.

В части конфискации имущества, я думаю, нет рисков конфискации законного имущества. В частности, статья 48 Уголовного кодекса предусматривает, что конфискации подлежит только имущество, добытое преступным путем. Поэтому законное имущество, я думаю, не должно быть конфисковано.

Депутаты предлагают добавить несколько статей по конфискации. У FATF вообще минимум рекомендаций и прямо несколько статей, по которым обязательно должна быть конфискация. Как максимум FATF рекомендует, чтобы по всем статьям была конфискация имущества, добытого преступным путем. Поэтому депутаты сейчас в этом законопроекте предлагают как раз таки тот минимум, то есть те статьи, которые FATF предлагает включить в конфискацию. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Шиповских Геннадий Геннадиевич.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Сергей Анатольевич! Негізгі заңға «заңды тұлға құрмай жұмыс істейтін шетелдік құрылым» деген жаңа ұғым енгізіліп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында, өзіңіз білетіндей, қаржылық қызмет көрсететіндей бірқатар траст жұмыс істейді. Осыған орай менің бірқатар сұрақтарым бар.

Бірінші. Мұндай құрылымдарға қатысты қолданыстағы тәртіпті өзгерту қажеттілігі қандай?

Екінші. Салалық заңға заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерін анықтау бөлігінде жаңа бап енгізу ұсынылады екен. Есіңізде болса, өткен жылы Сіз агенттіктің бенефициарлық меншік иелері бойынша деректер тізіліміне қол жеткізуді көздейтін заң жобасына бастама жасаған болатынсыз.

Ұсынылып отырған бап бұрынғы түзетулердің жалғасы болып табыла ма, әлде жаңалық болып табыла ма? Рақмет.

СИМОНОВ С.А. Спасибо за вопросы, Геннадий Геннадиевич.

Что касается первого вопроса, то такая мера позволит распространить на трасты (структуры без образования юридического лица) требования законодательства о ПОД/ФТ. Сейчас при обращении доверительного управляющего траста в банк за получением финансовых услуг для траста получается, что надлежащей проверкой клиента проверяется доверительный управляющий как физическое лицо, но не как траст. Соответственно, субъекты финансового мониторинга не могут проверить траст на предмет достоверной информации о его деятельности и бенефициарных собственниках, а также не могут отказать в получении той или иной операции согласно законодательству.

В связи с этим как раз таки и вводятся все эти ограничения. Данные трасты или иностранные организации, которые не являются юридическими лицами на территории Казахстана, будут считаться клиентами и подвергаться надлежащей проверке в соответствии с законом о ПОД/ФТ.

Что касается второго вопроса, то поправки, принятые в прошлом году, были направлены на своевременное установление уполномоченным лицом информации о бенефициарных собственниках. Согласно рекомендации FATF

должны быть не только контрольные функции уполномоченного органа по определению бенефициарных собственников, но и юридические лица должны самостоятельно вести учет, достоверную актуальную информацию по своим бенефициарным собственникам. На данный момент, и эксперты в своем заключении это тоже отражают, механизм по юридическим лицам отсутствует. Поэтому эти поправки как раз таки совершенствуют механизм по выявлению бенефициарных собственников. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлы.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржылық мониторинг агенттігінің өкіліне арналады.

Қаралып отырған заң жобасында «Астана» халықаралық қаржы орталығы комитетінің «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы және «Астана» халықаралық қаржы орталығы ішкі актілерін сақтауына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерін көздеу ұсынылады.

Өздеріңіз білетіндей, «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары 2020 жылы қаржы мониторингі субъектілері деп танылды.

Айтыңызшы, сонда осы уақытқа дейін бақылау қалай жүзеге асырылып келді? Рақмет.

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Да, действительно, в 2020 году участники МФЦА признаны субъектами финансового мониторинга. Комитет МФЦА, который является уполномоченным регулятором, осуществляет надлежащую проверку. Когда эксперты проверяли наше законодательство, они не были удовлетворены тем, что весь процесс по противодействию отмыванию доходов был регламентирован актом МФЦА. Акт МФЦА на территории МФЦА считается законодательным актом, но их не удовлетворило то, что он может меняться очень оперативно или отмениться единоличным решением, а не как закон, который надо будет обсуждать и принимать в Парламенте.

Поэтому нужен какой-то документ, законодательный акт, который регулируется в Казахстане. Поэтому и приняли такое решение урегулировать именно в части ПОД/ФТ на основе законов Казахстана, а не на основе акта. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғабит Амангелдіұлы, Сіздің ана тіліңізді еркін меңгергеніңізді байқап отырмыз. Қойылған сұрақтар да қиын сұрақтар емес, оған да еркін жауап беріп отырсыз. Сондықтан депутат қай тілде сұрақ қойса, сол тілде жауап беруге тырысыңыз. Жақсы ма?

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Жақсы.

Сергей Анатольевич, спасибо. Присаживайтесь.

Енді осы екі заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы депутат Құсайынов Марат Әпсеметұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ М.Ә. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобаларының негізгі мақсаттары, міндеттері туралы депутат Сергей Анатольевич Симонов өз баяндамасында егжей-тегжейлі айтып өтті.

Мәжіліс қабырғасында заң жобалары бойынша жүргізілген жұмыстар туралы қысқаша хабардар етуге рұқсат етіңіздер.

Заң жобалары бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың, қаржы мониторингі субъектілерінің салалық бірлестіктерінің қатысуымен жұмыс тобының екі отырысы және Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен қосымша пысықтау нәтижесінде негізгі заң жобасынан келесі түзетулер алып тасталды:

Азаматтық кодексіне ұсынушыға бағалы қағаздар шығаруға тыйым салуды белгілеу бөлігінде;

«Көлік туралы» Заңына ресімделген және (немесе) брондалған билеттер туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде Қаржы мониторингі агенттігіне ұсыну бөлігінде;

«Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» және «Әділет органдары туралы» заңдарына Әділет министрлігі қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан заңды тұлғалардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ практиканы қорыту, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу бойынша құзыреттер беру бөлігінде;

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңда:

қаржы мониторингінің кейбір субъектілеріне жекелеген жағдайларда клиенттердің операциялары туралы мәліметтер мен ақпаратты бермеуге құқық беретін норманы алып тастаумен;

қаржы мониторингі субъектілерінің қажет болған кезде қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болуы үшін ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы құжаттар мен мәліметтердің жеткілікті болуын қамтамасыз етуімен;

терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне тұлғаларды енгізу үшін негіздерді кеңейтумен байланысты енгізілген түзетулер.

Бұдан басқа, депутаттар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жаңа 214-1-бабына заңды тұлға тиісті әкімшілік құқық бұзушылық туралы өз еркімен хабарласа, оны әкімшілік жауаптылықтан босату мүмкіндігін анықтау бөлігінде толықтыру енгізді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобалары бойынша оң қорытындыларын берді.

Айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті аталған заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Комитеттің қорытындысы сіздерде бар.

Қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Марат Әпсөметұлы.

Құрметті депутаттар, заң жобаларын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги и приглашенные! Я поддерживаю данные законопроекты и прошу коллег также поддержать их.

Об основных предлагаемых изменениях и дополнениях законопроектов подробно доложил один из инициаторов – наш коллега депутат Симонов Сергей Анатольевич. Хотелось бы более подробно остановиться на некоторых наиболее важных новеллах.

Законопроектами предусматриваются положения, которыми устанавливается обязанность юридических лиц раскрывать своих бенефициарных собственников, вводится конфискация имущества за уголовные правонарушения, рассматриваемые как предшествующие отмыванию денежных средств, устанавливается административная ответственность юридических лиц за совершение операций с деньгами или иным имуществом, полученным преступным путем.

Необходимо отметить, что в рамках основного законопроекта государственные органы, палаты нотариусов, адвокатов, юридических консультантов наделяются новыми компетенциями по разработке методических рекомендаций для подконтрольных субъектов, проведению анализа и мониторинга их деятельности на предмет выявления рисков легализации (отмывания) преступных доходов и финансирования терроризма, а также обобщению практики, разработке и внесению предложений по совершенствованию законодательства о противодействии отмыванию денег и финансированию терроризма, так называемого ПОД/ФТ.

Данный подход считаю очень правильным. Противодействовать легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма – это не только задача Агентства финансового мониторинга, но и всех государственных органов и организаций, у которых есть подконтрольные субъекты финансового мониторинга.

Международная практика показывает, что ПОД/ФТ – это как аналогия с коррупцией, то есть все должны в пределах своей компетенции бороться с коррупцией. Точно так же и все госорганы-регуляторы должны каждый в своей сфере бороться с отмыванием доходов и финансированием терроризма.

Агентство, по сути, является координирующим органом, выявляет преступления, в том числе и по итогам проведенных регуляторами мониторингов, стратегических анализов, но превентивные меры по недопущению отмывания преступных денег должны проводиться всеми госорганами и организациями в рамках своих профильных функций. Эти рекомендации FATF и резолюция ООН предусмотрены сейчас в качестве изменений и дополнений в данных законопроектах.



Как было отмечено докладчиком, осенью этого года Казахстану предстоит пройти взаимную оценку Евразийской группы по противодействию легализации преступных доходов и финансированию терроризма.

Надеемся, что Агентство по финансовому мониторингу совместно с другими уполномоченными органами, субъектами финансового мониторинга успешно пройдут этот экзамен и принимаемые нами законы позитивно скажутся на борьбе с коррупцией и хищением бюджетных средств, снижением теневой составляющей в экономике, а не только для прохождения оценки.

Некоторые вопросы, как уже было озвучено содокладчиком, исключены из основного законопроекта ввиду необходимости дополнительной проработки с государственными органами и заинтересованными субъектами финансового мониторинга. Рабочая группа предлагает к ним вернуться в рамках следующих законопроектов.

Уважаемые коллеги, с учетом вышеизложенного прошу вас поддержать законопроекты. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ.

Енді осы заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдаймыз.

Бірінші «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



*Дүртіс: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сендер меңгерушісі Майғ Н. Майғытаев.*